

**Жауапкершіліг шектеулі
серіктестігі
«АйКүн» бөбекжай-
балабақшасының өзін-өзі бағалау
қорытынды
анықтамасы.**

**Ақтөбе қаласы
2026 ЖЫЛ**

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының» өзін-өзі бағалау
қорытынды анықтамасы.**

29.06.2026 жыл

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1 тармақшасы негізінде және 26 жылғы мамырда өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№6 хаттамасы) шешімі негізінде 2026 жылдың 02 маусым-29маусым аралығында балабақшада өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін балабақша басшысының 2026 жылғы 28 мамырындағы № 38- бұйрығымен комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

- 1) Жұртканова М.М. -комиссия төрағасы, балабақша меңгерушісі
- 2) Утегенова Д.С. - құрылтайшы, комиссия мүшесі
- 3) Умарова А.М.- тәрбиеші, комиссия мүшесі
- 4) Бердоңгарова А.Ж.- тәрбиеші, комиссия мүшесі
- 5) Арыстанова Л.Р. -медбике,комиссия мүшесі

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде бөбекжай-балабақшасының қызметі бағаланды.

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде мына бөлімдер қамтылды:

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;
2. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;
4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;
5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;
6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

2. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

3. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау;

Комиссия мүшелерінің өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасын жазуда Әдістемелік ұсынымдардың қосымша -1 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы» басшылыққа алынды.

I. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

1. **Білім беру ұйымының толық атауы** Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АйКүн» бөбекжай- балабақшасы.
2. **Білім беру ұйымының орналасқан жері** (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы) Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сәңкібай батыр даңғылы 253/7 ғимарат, пошталық индексі 031100.
3. **Заңды тұлғаның байланыс деректері** (телефон, электрондық пошта, web-сайт) Байланыс телефоны: 87027100002, 87057309595
Электрондық пошта: aikun2288@mail.ru
Балабақшадағы сайт атауы: <https://ai-kun.edu.kz/>
4. **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері** (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)
Утегенова Дана Сапарғалиевна –құрылтайшы, 2022 жылдың 14 қараша айында №1 бұйрығымен тағайындалған. Байланыс телефоны: 87027100002. Журтканова Малика Маликовна-менгеруші, 2023 жылдың 20 қараша №43 бұйрығы негізінде менгеруші лауазымына тағайындалған. Байланыс телефоны: 87057309595
5. **Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары**
(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)
Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН 221140026537, 23.01.2026 жылы берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні - 14.11.2022 жыл.
ЖШС «АйКүн» бөбекжай –балабақшасы» Жарғысы балабақша құрылтайшысымен бекітілген; Балабақшаның техникалық паспорты 2024 жылы 16.05 қайта жасалған. Сериясы –А, А-1 қабат саны-3, құрылыс ауданы-385,2, ғимараттың ауқымы-2383, жалпы алаң-736,9 салынған жылы-2007жыл. Сыйымдылығы 68 орын.
Бөбекжай- балабақшаның мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Балабақша Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама
№KZ71RVK00041598. Берілген күні: 15.11.2022жыл.
Қосымша : Құрылтай құжаттары жалғанды.

2. Кадрлық құрамға талдау

2.1. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер

Талдау: ЖШС «АйКүн» бөбекжай-балабақшасында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады.

Аталған Қағиданың 2-тарауының 22 тармағы бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары жұмыс жасаған педагогтардың педагогикалық білімі бар немесе тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар. Аталған жылдары базалық білімі жоқ педагогтер жұмыс жасамаған.

2023-2024 оқу жылы

№	Педагогтардың аты– жөні толық	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Жумагазина Гульжанат Бердыбаевна	Жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру мекемесі Орынбор мемлекеттік университеті, 2005	Бастауыш сынып мұғалімі, мамандығы: «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»	3	жоқ
2	Талмағамбетова Малика Маликовна	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті, 2005	Бейнелеу өнері және сызу пәнінің мұғалімі.	18	жоқ
3	Бердоңғарова Арайлым Жәнібекқызы	Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі, 2024ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.	0	жоқ
4	Мазикенова Айгуль Махамбетовна	С.Баишев атындағы Ақтөбе Университеті, 2018ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.	23	«Бірінші» біліктілік санаты
5	Тышимова Айнур Тағыбергенқызы	«Ақтөбе гуманитарлық колледжі» МКҚК, 1997ж	Қазақ тілі пәні бойынша оқытуға мүмкіндігі бар мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі.	2	жоқ
6	Тлеуп Жанылсын Амангельдықызы	«Ақтөбе гуманитарлық колледжі» МКҚК, 2019ж	Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	0	жоқ
7	Куанышева Клара Нуржауовна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті, 2024	Психология және менеджмент	0	жоқ

2024-2025 оқу жылы

№	Педагогтардың аты– жөні толық	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Журтканова Малика Маликовна	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті, 2005	Бейнелеу өнері және сызу пәнінің мұғалімі.	19	жоқ
2	Умарова Айгуль Махамбетовна	С.Баишев атындағы Ақтөбе Университеті, 2018ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.	24	«Бірінші» біліктілік санаты
3	Бердоңғарова Арайлым Жәнібекқызы	Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі, 2024ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.	1	жоқ
4	Куанышева Клара Нуржауовна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті, 2024	Психология және менеджмент	1	жоқ

2025-2026 оқу жылы

№	Педагогтардың аты– жөні толық	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Журтканова Малика Маликовна	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті, 2005	Бейнелеу өнері және сызу пәнінің мұғалімі.	20	жоқ
2	Умарова Айгуль Махамбетовна	С.Баишев атындағы Ақтөбе Университеті, 2018ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.	25	жоқ
3	Бердоңғарова Арайлым Жәнібекқызы	Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі,2024ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.	2	жоқ
4	Куанышева Клара Нуржауовна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті, 2024	Психология және менеджмент	2	жоқ

Бағалау кезеңі бойынша:

Оқу жылдары	Барлық педагог- тар	Мектепке дейінгі жоғарғы білімді	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білімді	Орта арнаулы білімді
2023-2024	7	1	3	3	0
2024-2025	4	1	2	1	0
2025-2026	4	1	2	1	0

Талдау барысында «АйКүн» бөбекжай-балабақшасында 2023-2024оқу жылында барлығы басшымен бірге есептегенде 7 педагог жұмыс жасаған. 4 педагогтың “Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту” бағыты бойынша білімдері бар. Қалған педагогтың бейіні бойынша мамандығы талапқа сәйкес келеді. 2024-2025 оқу жылына 4 педагог жұмыс жасайды, 3 педагогтің “Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту” бағыты бойынша білімдері бар. 2025-2026 оқу жылына 4 педагог жұмыс жасайды, 3 педагогтің “Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту” бағыты бойынша білімдері бар. Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2

тарауының 22 тармағы « Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі» талабына сәйкес келеді.

Қорытынды:

Штаттық кестеде көрсетілген 3 маман ҚР ЕК 49-бабының 5 тармақшасына сәйкес төмендегі көрсетілген педагогтар өз еркімен жұмыстан босатылды.

1.Жумагазина Гульжанат Бердибаевна – Бұйрық № 20 ж/ қ 21.04.2023 ж

2.Тышимова Айнур Тағыбергенқызы– Бұйрық № 34 ж/қ 02.05.2024 ж

3.Тлеуп Жанылсын Амангельдықызы-Бұйрық № 34 ж/қ 02.05.2024 ж

Штаттық кестеде көрсетілген 2 маман неке бұзу куәлігінің негізінде, тегі ауыстырылды:

1.Журтканова Малика Маликовна (Талмағамбетова М.М.)

2.Умарова Айгуль Махамбетовна (Мазикенова А.М.)

2.2. мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер

1. **Жұртканова Малика Маликовна**- «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының басшысына 2023 жылдың 20 қарашадан бастап №43 ж/қ балабақша құрылтайшысының бұйрығымен тағайындалған.

Біліктілік санаты: Санаты жоқ.

2. **Умарова Айгуль Махамбетовна** -«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі «Ақтөбе қаласының білім бөлімінің ММ 14.05.2020 жылғы №441 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «бірінші» біліктілік санаты берілді. 2025жылдың сәуір айында бірінші ПББ-дан шекті балл жинай алмаған.

3. **Бердонгарова Айрайлым Жәнібекқызы**-«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі. Еңбек өтілімі 4 жыл мерзімі келмегендіктен 2026-2027 оқу жылында біліктілік санатын көтеру жоспарлануда.

4. **Куанышова Клара Нуржауовна** «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі. Еңбек өтілімі 4 жыл мерзімі келмегендіктен 2026-2027 оқу жылында біліктілік санатын көтеру жоспарлануда.

ҚОРЫТЫНДЫ: «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының басшылары ҚР «Білім туралы» Заңының 44 бабы 5 тармағы негізінде (5. Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.) үш жылда бір рет аттестаттаудан өту керек талабына сәйкес жұмыстар жүргізіліп отыр.

2.3. кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/распау туралы мәліметтер

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру жұмыстары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен (өзгерісі 25.02.2025ж №32 бұйрымен) бекітілген

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» басшылыққа алынып жүргізіледі.

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме:

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
2023-2024 оқу жылы	7	0	1	0	0	0	0	6
2024-2025 оқу жылы	4	0	1	0	0	0	0	3
2025-2026 оқу жылы	4	0	0	0	0	0	0	4

Қорытынды: «АйКүн» бөбекжай-бақшасының педагогтары 2025-2026 оқу жылының жоспары бойынша ПББ тестінен өтініш берген санатына балл жинай алмай отыр.

Біліктіліктің арттыру курстары:

Балабақшаның педагогтары өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған.

Біліктілік арттыру курсынан өтуі бойынша

2025-2026 оқу жылы

№	Педагогтар аты-жөні	Педагогтердің біліктілігін арттыру оқу орны, өткен мерзімі	Тақырыбы, сағат саны
1	Жұртканова Малика Маликовна	ҚР Оқу-ағарту Министрлігі «Өрлеу» БАҰО АҚ, 12.11-22.11.2024ж	«Мектепке дейінгі ұйымдардың білім сапасын арттыру», 72 сағат
2	Умарова Айгуль Махамбетовна	ҚР Оқу-ағарту Министрлігі «Өрлеу» БАҰО АҚ, 08.01-18.01.2024ж	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту», 72 сағат
3	Бердоңғарова Арайлым Жәнібекқызы	ҚР Оқу-ағарту Министрлігі «Өрлеу» БАҰО АҚ, 24.02-06.03.2026ж	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру», 72 сағат
4	Куанышева Клара Нуржауовна	ҚР Оқу-ағарту Министрлігі «Өрлеу» БАҰО АҚ, 10.03-20.03.2026ж	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру», 72 сағ

ҚОРЫТЫНДЫ: кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер, үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған.

Қосымша-2. Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер қоса жалғанды.

2. Тәрбиеленушілер контингенті

2.1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасы тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібіне айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен 1-қосымшасы бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Мектепке дейінгі ұйымның түрі: бөбекжай-балабақша – бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған бөбек жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады.

Балабақшаның жұмыс тәртібі 5 күндік жұмыс аптасымен балалардың 10,5 сағат болуымен белгіленген. Балабақшаның жобалық қуаты -68, бүгінгі күні бала саны -68.

Балабақшаның штаттық кестесі "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары талабына сәйкес келеді. Педагогтар саны- 4 , қызметкерлер саны-7.

Балабақшаның негізгі құрылымдық бірлігі мектеп жасына дейінгі топтар болып табылады, топтар жас ерекшелігі бойынша жасақталған.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім, білік және өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Адал азамат» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында ұлттық салт-дәстүрлері мен ұлттық адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;
- 5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;
- 6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгертін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды) құру;

Балабақшада ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер үшін арнайы топ құрылмаған. Балабақшада ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ.

Балабақшаға тәрбиеленушілерді қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен (*өзгерісі ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а 31.05.2024ж*) бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары»ның 2-параграфы "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібіне сәйкес электрондық форматта арқылы жүзеге асырылады. Барлық қабылдау құжаттары реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген. Қабылданған балалардың ата-анасымен (занды өкілімен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты» талабына сәйкес *екі жақтық шартқа* отырғызылады. *Шарттың мәні* мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар онда баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері және өзге де шарттар айқындалған.

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасын өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) Оқу жылы жыл сайын 1 қыркүйекте басталып, 31 мамырда аяқталады. Оқу жылы ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі болып табылады.
- 2) Жазғы сауықтыру кезеңі 1 маусым мен 31 тамыз аралығында ұйымдастырылады;
- 3) Мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;
- 4) Оқу жылының 1-31 тамыз аралығында тәрбиеленушілердің ағымдағы жылдағы толық жасын ескере отырып, тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру жүзеге асырылады;

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымында кадрлардың еңбегін бағалау жұмысы жақсы жолға қойылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие. Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

Әкімшіліктің негізгі қызметін реттейтін басқару аппараты: меңгеруші жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы. Осы аталған отырыстарда балабақшаның мәселелері, есептер, тексеріс қорытындылары, ақпаратпен алмасу жүреді.

Басқару жүйесі жеке (меңгеруші, педагогтер) және алқалық ұйым (Педагогикалық кеңес, әдістемелік отырыс, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы) арқылы жүзеге асырылған. Әдіскер оқыту, тәрбиелеу бағыттары бойынша өз жұмысын жасаған.

Балабақшаның барлық салаларының, бүкіл ұжымның толық мақсатты түрде қызмет істеуіне әкімшіліктің басқаруын қамтамасыз етеді. Әкімшіліктің өзіне тиісті міндеттерді дұрыс бөлу – ұжымдық басқару және оның қызметін ұйымдастыруды қалыптастырады.

Әкімшілік басқару қызметі бойынша медбикенің, меңгерушінің құжаттарының жүргізілуі тексерілді. Барлық құжаттар жинақталған, нормативке сәйкес толтырылып отырады.

2.2. Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер.

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасында жалпы тізім бойынша **68 тәрбиеленуші**. Балалардың құрамы 3-5 жас аралығын қамтиды, барлығы **3 топ**, оның ішінде оқыту-тәрбиелеу процесі мемлекеттік және орыс тілде жүргізіледі. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы – 68 бала.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 жылдар аралығында инклюзивтік білім беру кестесі

Оқу жылдары	Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны						барлығы
	2жас	3жас	4жас	5жас	6жас	7жас	
2023-2023 оқу жылы	0	0	0	0	0	0	0
2024-2025 оқу жылы	0	0	0	0	0	0	0
2025-2026 оқу жылы	0	0	0	0	0	0	0

ҚОРЫТЫНДЫ : 2023-2024, 2025-2026 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер **болмаған**.

2.3. Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер

«АйКүн» бөбекжай-бақшасында топтар жас ерекшелігі бойынша жасақталады.

Топ аты	жас бойынша топтар	жас кезеңділігі	Бала саны
«Звездочки»	Ортаңғы топ	3жас	22
«Балапан»	Ересек топ	4 жас	26
«Құлыншақ»	Мектепалды топ	5 жас	20

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеленушілер 3 жастан бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында тамыз айында өз жастарына сәйкес топтарға бекітіліп, 5 жасқа толғанда шығарылады. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізіледі, балабақшаның басшысының бұйрығы жазылып, тіркелген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Балалар білім беру ұйымына 3 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді.

2.1. Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілер 3 жастан бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында тамыз айында өз жастарына сәйкес топтарға бекітіліп, 5 жасқа толғанда ересек тобынан шығарылады. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізілген.

ҚОРЫТЫНДЫ:Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізілген.

Қосымша-3: Тәрбиеленушілер қозғалысы туралы бұйрық кітабы анықтамаға қоса жалғанып отыр.

2.2. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген Қағиданың 13 тармағы 1-8 тармақшалары бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақталуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар және қолжетімді орта ұйымдастыру нормативтік талаптары, жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары, педагог кадрлармен қамтамасыз етілу талаптарына сәйкестігі анықтады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген Қағиданың мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне енгізу талаптарына сәйкес деп танылды.

**2.3. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:
-балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.**

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында балалар білім беру ұйымына 3 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы

Соңғы жылдардағы барлық тәрбиеленушілердің қамтылуы туралы мәлімет.

<i>Оқу жылы</i>	<i>Топ саны</i>	<i>Бала саны</i>
2023-2024 оқу жылы	3	68
2024-2025 оқу жылы	3	68
2025-2026 оқу жылы	3	68

2.4.1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі, оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылады. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл Ересек топ тәрбиеленушілері 5 жастан бастап балабақшадан шығарылады.

ҚОРЫТЫНДЫ:Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары сақталады.(бір бала бір жас ерекшелік тобында екі жыл қатарынан отырған жоқ.)

2. Оқу-әдістемелік жұмыс

2.1. Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары аралығындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін құрылған оқу жұмыс жоспарларындағы білім беру салалары мен ұйымдастырылған іс-әрекетінің мектепке дейінгі ұйымның МЖМБС талаптары мен ҰОЖ талаптарына сәйкестігі тексерілді. Аталған жылдардағы барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері мекеме басшысымен бекітілген, мекеменің мөрімен куәландырылған.

Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің көлемі ұзақтығы мен ұйымдастырылған іс-әрекеті санитарлы-гигиеналық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкес келеді.

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасы тәрбиелеу-білім беру қызметін ұйымдастыруда:

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1-2 қосымша, үлгілік оқу жоспарларын, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру (2023 жылғы 26 шілдедегі № 7 хаттамасы) әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Оқу жоспарларында физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыттары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік, физикалық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сенсорика, математика негіздері, құрыстыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылған.

Ортаңғы топтарда (3 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес:

- дене шынықтыру – аптасына 3 рет;
- дене шынықтыру** - күн сайын;
- сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;
- қазақ тілі - аптасына 1 рет;
- қазақ тілі***-күн сайын;
- математика негіздері – күн сайын;
- қоршаған ортамен таныстыру – күн сайын;
- сурет салу – күн сайын;
- мүсіндеу – күн сайын;

-жапсыру – күн сайын;

-құрыстыру – күн сайын;

-музыка – аптасына 1 рет;

-музыка**-күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Ересек топтарда (4 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 2- қосымшаға сәйкес:

-дене шынықтыру – аптасына 3 рет;

-дене шынықтыру** - күн сайын;

-сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;

-қазақ тілі - аптасына 1 рет;

-қазақ тілі***-күн сайын;

-математика негіздері – күн сайын;

-қоршаған орामен таныстыру – күн сайын;

-сурет салу – күн сайын;

-мүсіндеу – күн сайын;

-жапсыру – күн сайын;

-құрыстыру – күн сайын;

-музыка – аптасына 2 рет;

-музыка**-күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Балабақшаның 2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары, дағдыларды қалыптастыру бағыттары және ұйымдастырылған іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1-2 қосымша, үлгілік оқу жоспарларын, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер оқу жылы басталғанға дейін жылына жасап, мекеме басшысымен бекіттірген. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. **Циклограмманың** ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. **Циклограмма** әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Балабақша топтарының циклограммалары:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып жасалған;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдер қолданылған;

- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы орта құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту